

Бірыңғай бюджеттік жіктемеге N 55 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2001 жылғы 4 маусымдағы N 294 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 10 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1572

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" Z970127_ Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 507 "Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы" U000507_ және 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 536 "Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" U010536_ Жарлықтарына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 "Бірыңғай бюджеттік жіктемені бекіту туралы" V991058_ бұйрығына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік жіктемесіне:

бюджет шығыстарының функционалдық жіктемесіне:

2 "Қорғаныс" функционалдық тобында 2 "Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру" кіші функциясында 105 "Әкімдер аппараты" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі бойынша 31-бағдарлама мынадай мазмұнда жазылсын :

"Жергілікті деңгейдегі жұмылдыру дайындығы бойынша шаралар";

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобын 1 "Құқық қорғау қызметі" кіші функциясы 618 "Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламалармен толықтырылсын:

"16 Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және өзге де күтпеген шығыстарды жою үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен іс шаралар өткізу

23 Өкілеттік шығыстарға арналған қаражат есебінен іс-шараларды өткізу

29 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Резервінен Үкіметтің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша

міндеттемелерін орындау";

13 "Басқалар" функционалдық тобын 9 "Өзге де" кіші функциясы 617 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігі" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі мынадай мазмұндағы бағдарламалармен толықтырылсын:

"16 Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және өзге де күтпеген шығыстарды жою үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен іс шаралар өткізу

23 Өкілеттік шығыстарға арналған қаражат есебінен іс-шараларды өткізу

29 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Резервінен Үкіметтің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін орындау";

2. 2001 жылғы 1 шілдеден бастап шығыстар мынадай бағдарлама бойынша жүзеге асырылмайды деп белгіленсін:

7 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында 2 "Коммуналдық шаруашылық" кіші функциясында 274 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тұрғын үй-коммуналдық, жол шаруашылығының және көліктің атқарушы органы" мем.мекеме-бағдарлама әкімшісі бойынша 72 "Жылу беруші кәсіпорындарды қысқа дайындау шаралары".

3. Заң қызметі (Қ. Әбдіқалықов) және Бюджет (Б. Сұлтанов)

департаменттері осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК